

Жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілердің нысандарын және жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілерді тіркеу, беру (алмастыру) және сақтау тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 28 желтоқсан N 1086. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.06. N 1495 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті ұсынған жерді өмір бойы мұраға қалдырып иелену хұқын беретін мемлекеттік актінің, жерді тұрақты иелену хұқын беретін мемлекеттік актінің және жерді тұрақты пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актінің нысандары N 1,2,3 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

Мемлекеттік актілердің Қазақстан Республикасының елтаңбасы

бейнеленген және атаулары жазылып, лидеринмен немесе бумвенилмен қапталған көгілдір түсті картон мұқабасы болады.

2. Жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілерді тіркеудің, берудің (алмастырудың) және сақтаудың осыған қосылған тәртібі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілерді тіркеу, беру (алмастыру) және сақтау тәртібін бекіту туралы" 1992 жылғы 30 қаңтардағы N 79 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 4, 77-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 1086 қаулысына

№ 1 қосымша

Жерді өмір бойы мұраға
қалдырып иеленуге хұқық
беретін мемлекеттік
АКТ

№ 2 қосымша

Жерді тұрақты иеленуге
хұқық беретін мемлекеттік
А К Т

№ 3 қосымша

Жерді тұрақты пайдалануға
хұқық беретін мемлекеттік
А К Т

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 1086 қаулысымен

Бекітілген

Жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін
мемлекеттік актілерді тіркеудің, берудің (алмастырудың)
және сақтаудың

Т Ә Р Т І Б І

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасы Жер кодексі 15-1-бабының екінші бөлігінің негізінде әзірленіп, бекітілді.

2. Қазақстан Республикасы Жер кодексіне (8, 9, 22 баптар) сәйкес жерді иелену хұқы мен тұрақты пайдалану хұқы мемлекеттік актімен куәландырылады.

Азаматтардың жер иелену хұқы жерді өмірлік мұраға иелену хұқын беретін мемлекеттік актімен куәландырылады.

Колхоздардың, совхоздардың, басқа да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, діни ұйымдардың село және орман шаруашылығын жүргізу үшін жер иелену хұқы жерді тұрақты иелену хұқын беретін мемлекеттік актімен куәландырылады.

Азаматтардың, өнеркәсіптік, көлік, басқа да ауыл шаруашылық емес мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың діни ұйымдардың тұрақты жер пайдалану хұқы жерді тұрақты пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актімен куәландырылады.

3. Жерді өмірлік мұраға иелену хұқын берілетін мемлекеттік актінің*, жерді тұрақты иеленуге беретін мемлекеттік актінің* және жерді тұрақты пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актінің* нысаны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілген. Одан әрі қысқартылып, " мемлекеттік акт " деп жазылады.

4. Бекітілген нысандағы мемлекеттік актілерді жергілікті өкімет пен басқару органдарының тікелей қарамағындағы жерден иелену мен пайдалануға белгіленген тәртіпте жер учаскелері берілген барлық жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға тиісті жергілікті өкімет пен басқару органдары береді (Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 23 - бабы) .

5. Мемлекеттік актілерді беру жөніндегі жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру мен оған бақылау жасау Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің "Жер реформасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы " 1991 жылғы 28 маусымдағы қаулысымен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне және жергілікті өкімет пен басқару органдарына жүктелген.

6. Мемлекеттік актілер беру жөніндегі жұмыстарды тікелей орындауды Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдары жүзеге асырады .

7. Жерді иелену хұқын және тұрақты пайдалану хұқын берілетін мемлекеттік актілер қазақ және орыс тілдерінде толтырылады. Мемлекеттік актілердің бланкілері картография өндірісінің белгіленген технологиясына сәйкес картографиялық жұмыстарды орындауды қамтамасыз ететін жоғары сапалы ақ қ а ғ а з д а н ж а с а л а д ы .

Жерді өмірлік мұраға иелену хұқын беретін мемлекеттік акт бланкісінің көлемі 150x210 мм, жерді тұрақты иелену және жерді тұрақты пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілердің көлемі 210x300 мм болады.

Мемлекеттік акт бланкісінің беттері, жерді өмірлік мұраға иелену хұқын беретін мемлекеттік актінің бланкісінің төртінші бетінен басқасы көгілдір түсте б о л а д ы .

Мемлекеттік акт бланкісінің ішкі сол жағында Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленеді. Елтаңбаның диаметрі жерді өмірлік иелену хұқын беретін мемлекеттік актілер үшін 105 мм, жерді тұрақты иелену мен тұрақты пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілер үшін 150 мм болады.

Мемлекеттік актілер бланкісінің сол жағының жоғарғы бөлігіне мемлекеттік актіні толтырған кәсіпорын нөмір қояды, жер иеленушіге немесе жер пайдаланушыға берілген мемлекеттік акт сол арқылы жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілерді жазатын Кітапқа тіркеледі.

Мемлекеттік актілер бланкісі қатаң мемлекеттік есеп беру құжаты болып табылады. Оның төртінші бетіне бланкіні әзірлеген кәсіпорын есептік рет нөмірін қояды, бұл бланк осы арқылы жерді иелену хұқын және пайдалану хұқы берілетін мемлекеттік актілер бланкілерінің есеп Кітабында есепке алынады.

Мемлекеттік актінің нөмірі және мемлекеттік акт бланкісінің есептік рет нөмірі әріптер мен цифрлар жиынтығынан тұрады. Әрбір облыстың екі әріптен тұратын өз сериясы болады. Сериядағы әріптер жиынтығын Мемжерком б е л г і л е й д і .

Жер иеленушіге немесе жер пайдаланушыға берілетін мемлекеттік актіні жасыл түсті лидеринмен не бумвенилмен жабылып, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы мен тиісті атау басылған картон мұқабасы болады.

8. Мемлекеттік акті екі дана етіп жасалады, олардың әрқайсысына Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 12, 13 және 14-баптарында көзделген құзыретке сәйкес жергілікті өкімет пен басқару органдарының басшысы қол қояды.

Селолық елді мекендер, жұмысшы поселкелері, қалалар (облыс орталықтары мен республикалық бағыныстағы қалаларды қоспағанда), аудандар шекаралары

шегінде жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын қуәландыратын мемлекеттік актіге де аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттің төрағасы, облыс орталықтары мен республикалық бағыныстағы қалаларда - тиісінше облыстық және қалалық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттерінің төрағалары қол қояды.

9. Мемлекеттік актінің бірінші данасы (мұқабасымен) жер иеленушіге немесе жер пайдаланушыға беріледі, ал екінші данасы (мұқабасыз) селолық елді мекендердің және жұмысшы поселкелерінің шекарасы шегінде жер учаскелері берілген кезде халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестерде; аудандар, қалалар (облыс орталықтарынан және республикалық бағыныстағы қалалардан басқа) шекарасы шегінде жер учаскелері берілген кезде аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетте; облыс орталықтарындағы қалалар және республикалық бағыныстағы қалалар шекарасы шегінде жер учаскелері берілген кезде тиісінше облыстық және қалалық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттерде сақталады.

Мемлекеттік актінің екі данасында да оны толтырған кәсіпорын жазған нөмір б о л а д ы .

10. Жер иеленушіге немесе жер пайдаланушыға мемлекеттік акт берілгенге дейін жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін оның қолында бар құжат ж а р а м д ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

11. Мемлекеттік актілерді беруге байланысты жұмыстарды белгіленген тәртіппен бекітілген жерге орналастыру жобалары негізінде жерге орналастыру о р г а н д а р ы жү р г і з е д і .

12. Жер иелену және жер пайдалану шекарасын табиғи қалпында (жергілікті жерде) жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жергілікті өкімет пен басқару органдарының өтініші бойынша жерге орналастыру органдарының мамандары белгілейді.

13. Жерге орналастыру жобасын табиғи қалыпқа көшіргеннен және жергілікті жерде жер иелену мен жер пайдалану шекараларын белгіленгеннен кейін мемлекеттік акт жасалады, ал жер иеленушіге немесе жер пайдаланушыға тапсыру үшін жергілікті өкімет пен басқару органдарының құзыретіне сәйкес с о л а р ғ а б е р і л е д і .

Егер бейне көлемінің ұсақтығы салдарынан мемлекеттік актідегі жер иелену немесе жер пайдалану жоспарын оқу қиын болса, онда оған қосымша жер иелену мен жер пайдалану жоспарының көлемі неғұрлым үлкен жоспарының көшірмесі жасалып, мемлекеттік актімен бірге жер иеленушіге немесе жер пайдаланушыға тапсырылады. Топырақ картасы, жер экспликациясы және басқалар мемлекеттік актіге қосымша болуы мүмкін. Тіркелген құжаттар туралы мемлекеттік актіде т и і с т і ж а з б а ж а з ы л а д ы .

14. Мемлекеттік актіні толтырудың дұрыстығына мемлекеттік актілерді тіркеу ісін жүргізу, сондай-ақ оларды сақтау міндеті жүктелген лауазымды адам жауапты болады.

15. Азаматтарға, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына мемлекеттік актіні халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестің төрағасы, қала, аудан әкімі немесе олардың орынбасарлары тапсырады.

Азамат, кәсіпорынның, мекемелер мен ұйымдардың басшылары мемлекеттік актіні алғандығы үшін жер иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілер жазылатын Кітапқа және осы Тәртіптің 9-тармағына сәйкес жергілікті өкімет органының немесе қаланың, ауданның, облыстың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінің жауапты лауазымды адамында сақталуда қалатын мемлекеттік актінің екінші данасына қол қояды.

Жер иеленушіге немесе жер пайдаланушыға тапсырылатын мемлекеттік акті оны толтырған кәсіпорын берген нөмірмен аталған Кітапқа тіркеледі. Жауапты лауазымды адам тіркеген кезде осы нөмірден кейін жақшаның ішінде мемлекеттік акт бланкісінің бірінші және екінші данасының есептік рет нөмірі де көрсетіледі.

16. Әрбір халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңесте, жер қаланың, ауданның, облыстың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінде жауапты лауазымды адам N 1 қосымшаға сәйкес нысанда жерді иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілерді жазу Кітабын жүргізеді.

Кітап бау өткізіп тігіледі, халық депутаттары ауылдық, селолық, аудандық, облыстық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттің төрағасы, сондай-ақ осы құжатты жүргізу жүктелген жауапты лауазымды адам қол қойып куәландырып, тиісті органның елтаңбалы мөрі басылады.

17. Жер иелену, жер пайдалану ірілендірілетін немесе бөлшектенетін, сондай-ақ оның атын өзгерткен немесе мемлекеттік актіге жоспардағы шекараны оқуды қиындататын айтарлықтай өзгерістер енгізілген ретте жергілікті өкімет пен басқару органы мемлекеттік актіні ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

18. Жер иеленушіге, жер пайдаланушыға мемлекеттік акт тапсырылған кезде оның қолында бар жер иелену хұқы мен пайдалану хұқын пайдалану хұқын беретін, күшін жоғалтқан құжаттар халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңесте, халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңеске, қаланың, ауданның, облыстың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттің жауапты лауазымды адамына тапсырылады, ол туралы мемлекеттік актілерді жазу Кітабының 12-бағанасына белгі жасалады.

19. Жер иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілерді жазу Кітабын және мемлекеттік актілердің екінші даналарын халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестерінде, қаланың, ауданның, облыстың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінде жауапты лауазымды адам жанбайтын немесе арнайы жабдықталған шкафта сақтайды, оны ашуға жергілікті өкімет пен басқару органдарының басшыларының, жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі тиісті комитет төрағасының, сондай-ақ жауапты лауазымды адамның хұқысы бар.

20. Жер иеленуші және пайдаланушы өзіне берілген мемлекеттік актіні оған түсірілген жазбалардың сақталуын және саналы қалпын қамтамасыз ететін жағдайда сақтауға міндетті.

21. Мемлекеттік актілер бланкісіне есепті жер иелену хұқы мен пайдалану хұқына беретін мемлекеттік актілер бланкілерін есепке алатын арнайы Кітапта N 2 қосымшаға сәйкес республикада Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстарда және республикалық бағыныстағы қалаларда облыстардың және аталған қалалардың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттері жүргізеді.

22. Мемлекеттік актілер бланкілерін жасаған кәсіпорындар оны Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне жібереді және ол облыстарға және республикалық бағыныстағы қалаларға қажеттеріне сәйкес бөледі. Облыстардың және аталған қалалардың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттері мемлекеттік актілерді өртке қарсы қауіпсіз үй-жайда сақтауды қамтамасыз етеді.

Ауданның жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінің өтініші бойынша қажетті мөлшерде мемлекеттік актілер бланкілерін оған облыстық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитет жібереді.

23. Ауданның жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетке келіп түскен мемлекеттік актілер бланкілерін осы комитеттің жауапты лауазымды адамы қабылдайды. Бланкілерді қабылдау мемлекеттік актілер бланкілерінің нөмірлері, мемлекеттік актілер мұқабаларының саны көрсетілу арқылы хаттамамен рәсімделеді. Хаттама екі дана етіп жасалады, олардың бірінші данасы аудандық комитеттің істерінде қалдырылып, екіншісі облыстық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетке жіберіледі.

24. Жолда немесе толтыру кезінде бүлінген мемлекеттік актілер бланкілері тиісті хаттамалар қоса тіркеп, оларда бүлінген бланкілердің нөмірлерін көрсетіп облыстық жер қатынастары және жерге орналастыру комитетіне жіберіледі. Хаттамаға аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінің төрағасы, жауапты лауазымды адам, сондай-ақ жерге орналастыру

жөніндегі жобалау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің басшысы немесе осы ауданда, қалада, жұмысшы поселкесінде, селода, ауылда мемлекеттік актілерді беру жөніндегі жұмысты орындаған жерге орналастырушы маман қол қояды.

25. Аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитет халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестерінен алынған хабарламаларды ескере отырып, облыстық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетті жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға берілген мемлекеттік актілердің нөмірлер туралы жылына бір рет хабардар етеді.

Облыстардың және республикалық бағыныстағы қалалардың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті де Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетіне жылына бір рет осындай хабарлама жіберіп отырады.

26. Жер иелену хұқы мен пайдалану хұқын беретін мемлекеттік актілер бланкілерін есепке алу Кітабы және осы Тәртіптің 19, 22-25-тармақтарында көрсетілген басқа да құжаттар мемлекеттік актілермен бірге сақталады.

27. Облыстарда мемлекеттік актілер бланкілерін есепке алу мен сақтауға бақылау жасау облыстық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетіне жүктеледі.

28. Мемлекеттік актілерді сақтаудың дұрыстығына халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестерінде, қалалардың, аудандардың және облыстардың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттерінде олардың төрағалары, ал есеп жүргізудің дұрыстығына аталған жергілікті өкімет органдары мен жерге орналастыру қызметі органдарының жауапты лауазымды адамдары жауапты болады.

Ескерту: Мемжерком жүйесінде қалалық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті құрылған ретте бұл комитетке 8 (екінші абзац), 9,14, 15 (екінші абзац),16, 18, 19, 22 (екінші абзац), 23-26, 28-тармақтардың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1086 қаулысымен бекітілген Жерді иемдену
хұқы мен пайдалану хұқын беретін
мемлекеттік актілерді тіркеу, беру (алмастыру)

және сақтау Тәртібіне

№ 1 ҚОСЫМША

№ 2 ҚОСЫМША

-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК